

Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінде орманды молықтыру, күзету және қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы N А-2/18 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 22 ақпанда N 3216 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы № А-5/250 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2008.06.20 № А-5/250 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінде орманды молықтыру, орман өсіру, орманды күзету және қорғау жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы барысы туралы" ақпарат

н а з а р ғ а

а л ы н с ы н .

2. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде орманды молықтыру, күзету және қорғау жөніндегі 2007 жылға арналған, қосымша беріліп отырған іс-шаралар

ж о с п а р ы

б е к і т і л с і н .

3. Ақмола облысының табиғи ресурстары және табиғатты пайдалануды

р е т т е у

д е п а р т а м е н т і :

1) Ақмола облысының ішкі істер департаментімен бірлесе отырып (келісім бойынша) орманның сақталуын бақылауды күшейтсін;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақмола облыстық төтенше жағдайлар (келісімі бойынша) және Ақмола облыстық өртке қарсы қызмет департаменттерімен (келісім бойынша) бірлесе отырып орман саласы қызметкерлерін дала және орман өрттеріне қарсы күрес бойынша оқытуды жалғастырсын, сонымен қатар, осы мәселе бойынша жедел тактикалық

ж а т т ы ғ у л а р д ы

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызмет

д е п а р т а м е н т і

(келісім

б о й ы н ш а):

о р м а н д а р д ы ж әне ж а н у а р л а р д ы

дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелерінің өртке қарсы тұру жағдайларын, өрт сөндіру-химиялық станцияларының жабдықтандырылуын

т ұ р а қ т ы

т е к с е р с і н ;

т е к с е р с і н ;

орман, дала өрттері мен ауыл шаруашылығы қалдықтарын жағу бойынша бастапқы тергеуді сапалы өткізуді және материалдарды құқық қорғау органдарына беруді жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақмола облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармасы (келісім бойынша) :

орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімге пайдалануға беру жұмыстарын жүргізу кезінде облыстың орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің 2007 жылға арналған орманды орналастыру жобалары дайындалуын қамтамасыз етсін;

облыс жұртшылығы арасында ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау шаралары жөнінде үгіт және насихат жұмыстарын тұрақты жүргізсін;

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес ағаш тілгіштерді пайдалануға бақылауды күшейтсін, құқық бұзушылық анықталса тиісті шаралар қолданысын.

6. "Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман өсімін молайту, орман өсіру, күзету және қорғау жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы"»Ақмола облысы әкімдігінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N№А-8/193 Ақмола облысының әділет департаментінде 2004 жылы 14 қазанда N№2758 болып тіркелген, "Акмолинская правда" газетінде 2004 жылы 14 қазанда жарияланған қаулысының күші жойылған деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.М. Отаровқа жүктелсін.

8. Облыс әкімдігінің осы қаулысы мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің м.а.

Ақмола облысы әкімдігінің
2007 жылғы 23 қаңтардағы
N А - 2 / 18 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік орман қоры жерлерінде орманды молықтыру, күзету және қорғау жөніндегі 2007 жылға арналған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

р/н	Іс-шаралар атауы	Аяқталу формасы	Орындаушылар	Орындалу мерзімі
	Орман өсімдіктерінің жағдайы мен экономикалық тиімділігі ескере отырып, мейлінше қысқа мерзімде жоғары өнімді			

1	және тұрақты орман құруды қамтамасыз ететін әдістермен экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық т а л а п т а р д ы сақтай отырып мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды молықтыруды жүргізу	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	жыл бойы
2	Тұрақты орман тұқымы базасы нысанында, олар жетіспеген жағдайда кәдімгі орман ағаштарынан тұқым дайындау жұмыстарын жүргізу	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	2007 жыл IV тоқсан
3	Мемлекеттік орман қоры аумағында орманды молықтыру және өсіру, елді мекендерде көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру үшін облыс питомниктерінде стандартқа сай егу материалдарын өсіруді қамтамасыз ету.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, орманды және жануарлар әлемін қ о р ғ а у ж ө н і н д е г і мемлекеттікмекемелер	2007 жыл 15 желтоқсан
4	Мамандандырылған техникаға түгендеу жұмыстарын жүргізу	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану реттеу департаменті, орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	2007 жыл 1 наурыз
5	Орманды және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерді техникамен жабдықтауды жақсарту м а қ с а т ы н д а тұтынуға сәйкес мамандандырылған техниканы жыл сайын жаңартуға жағдай жасау	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының әкімдіктері, Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Ақмола облысының қаржы департаменті	2007 жыл 1 қараша
6	Бюджеттік комиссияның қарауына мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базаларын нығайту және 2007 жылы орманды қалпына келтіру жұмыстарының көлемін ұлғайту бойынша кешенді іс-шаралар жүргізу үшін 44 408,0 мың теңге қаржы бөлу мәселесін енгізу.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, орманды және жануарлар әлемін қ о р ғ а у ж ө н і н д е г і мемлекеттік мекемелер	2007 жыл II тоқсан
7.	Ақмола облысы білім департаментінің жанындағы "Экология және орман шаруашылығы колледжі"» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының базасында орман шаруашылығы кадрларын дайындау мен қайта дайындауға, осы оқу орнының материалдық-техникалық базасын	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Ақмола облысының білім департаменті, Ақмола	

	камтамасыз етуді жақсартуға бөлінетін қаржы көлемін өсіру мәселесін қарастыру.		облысының экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті	2007 жыл II тоқсан
8.	Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-тұқымдық мақсаттағы нысандардың есебін жүргізу және аттестациялауды жүзеге асыру	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орман және аңшылық шаруашылығының Ақмола облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша)	2007 жыл IV тоқсан
9	Тексерістен өтпеген егу тұқымдарын сатуға және пайдалануға жол бермеу жөніндегі бақылауды жүзеге асыру.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орман және аңшылық шаруашылығының Ақмола облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша)	жыл бойы
10	Өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес орман қоры аумағында және оған шектес орналасқан аймақтарда орманды пайдаланушылар өрт қаупі жағдайын төмендету мақсатында арнайы жүргізіліп жатқан аумақтардан өзге жерлерде шөп өсімдіктерін өртеуге тыйым салу.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	2007 жыл 10 мамыр
11	Орман өртінің пайда болуына тергеу жүргізу және оған жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде нақты іс-шаралар қолдану.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Ақмола облысының ішкі істер департаменті (келісім бойынша)	жыл бойы
12	Әуе, орман және егерлік күзет қызметтерін орман өртінің пайда болғаны туралы хабар жеткізу тәртібі мен схемаларының жадуалдарымен камтамасыз ету.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті. Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	2007 жылғы 8 мамыр
13	Әрбір орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерде сумен камтамасыз ету көздерінің кесте-карталарын, сондай-ақ өрт сөндіруге қажетті су сақтау резервуарларын дайындау.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті. Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер	2007 жылғы 15 мамыр

14	Өрттен және басқа да қауіпті жағдайлардан ормандарды сақтау мақсатында белгіленген тәртіп бойынша (келісім бойынша) оқу мекемелерінің оқытушылары мен оқушылары арасынан ерікті жасақтар құру және оның тиімді қызмет етуі үшін тиісті жағдайлар жасау.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының әкімдіктері, Ақмола облысы білім департаменті, Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	2007 жылғы 1 маусым
15	Өрт шығу қаупі жоғары кезеңде мемлекеттік орман қоры аумағына жеке тұлғалар мен көлік құралдарының кіруін , сондай-ақ кейбір жұмыс түрлерін жүргізуді шектеу.	Әкімдік қаулысы	Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	2007 жылғы 10 мамыр
16	Орман қоры аумағында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде тұрғындар арасында түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізу.	Облыс әкімі аппаратына ақпарат	Аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының әкімдіктері, Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	жыл бойы